Тұралин Есенғазы Мұхаметжанұлының
«8D03106 – Аймақтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы.

Зерттеудің мақсаты: Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастығы аясындағы Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасын зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Аймақтық және субөңірлік интеграциялық үдерістерді теориялық тұрғыда негіздеу мақсатында, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі интеграция феноменіне қатысты негізгі тұжырымдамаларды, ғылыми көзқарастар мен әдіснамалық тәсілдерді жан-жақты талдау; аймақтық және субөңірлік деңгейлердегі интеграциялық процестердің трансформациясын бағалауға арналған ғылыми негіздемелерді анықтау;
2. Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының сыртқы саяси курстарын қалыптастырған ішкі және сыртқы факторларды зерделеу арқылы, олардың идеологиялық және құндылықтық бағдарларын салыстырмалы талдау; екі елдің сыртқы саясатындағы тарихи сабақтастық пен қазіргі таңдағы стратегиялық мүдделерді анықтау;
3. Түркі мемлекеттері арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастықтың теориялық негіздерін нақтылау және дамыту жолдарын айқындау мақсатында, «түркі факторының» қазіргі аймақтық саясаттағы орнын және оның интеграциялық үдерістерге ықпалын жан-жақты сараптап Орталық Азиядағы рөлі мен мәнін ғылыми негізде бағалау;
4. Түркия Республикасының геосаяси стратегиясын зерттеу негізінде, оның Орталық Азия аймағындағы сыртқы саяси ұстанымдары мен ықпал ету тетіктерін анықтау; Батыс пен Шығыс державаларына қатысты Түркияның аймақтық мүдделерін және геосаяси тепе-теңдікке әсер ету құралдарын талдау;
5. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестіктің мазмұнын көпсалалы сипатта зерделеу арқылы, энергетикалық қауіпсіздік, инвестициялық ынтымақтастық, білім беру, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және туризм салаларындағы өзара әрекеттестік бағыттарын нақтылау; Каспий және Орталық Азия кеңістігіндегі ортақ экономикалық мүдделерді ғылыми тұрғыда саралау;
6. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы қазақ-түрік ынтымақтастығының институционалдық, идеялық және практикалық негіздерін зерттеу арқылы, интеграциялық құрылымдардағы Қазақстанның бастамашыл рөлін айқындау; түркілік бірегейліктің қалыптасуына әсер ететін жұмсақ күш

құралдарының тиімділігін анықтау және бұл үдерісте қазақ-түрік тандемінің ықпалын ғылыми тұрғыда бағалау.

Зерттеу әдістері:

Зерттеудің теориялық негізі жаһандық кеңістікті өркениеттік жүйелердің жиынтығы ретінде қабылдауды болжайтын өркениеттік көзқарас болды. Ғылымда халықаралық интеграцияға бірыңғай көзқарас жоқ. Интеграцияның әртүрлі аспектілерін зерттеуде айтарлықтай теориялық, әдіснамалық және эмпирикалық тәжірибе жинақталғанына қарамастан, ғылыми әдебиеттерде бұл ұғымды анықтаудың біртұтас тәсілі жасалмаған. Бұл көбінесе мақсаттары, қызметтері және түрлері бойынша ерекшеленетін интеграциялық процестерді бір сатыға қоюға болмайтындығына байланысты. Екінші жағынан, интеграция процесінде мемлекеттер өздерінің бірінші ұлттық мүдделерінен ойлап, әртүрлі мақсаттарды көздейді. Сондықтан бұл мәселенің көп қырлылығы интеграциялық формациялар эволюциясының заңдылықтарын анықтай отырып, интеграциялық процестерге теориялық және әдістемелік зерттеулер сұранысты анықтайды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі халықарлық қатынастар, аймақтану, тарихи, саясаттану және құқықтық зерттеулерге тән әдістерді біріктіретін пәнаралық көзқарас болды. Атап айтқанда Түркітілдес мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы түркілік фактордың көрінісіне байланысты мәселелерді эволюциялық тұрғыдан ашуға мүмкіндік беретін тарихи-генетикалық әдіс қолданылды. Олардың идеялық-құндылық негіздері халықаралық қатынастардың аймақтық ішкі жүйесін тұтас құбылыс ретінде барлық байланыстары мен қатынастарының бірлігінде зерттеуге мүмкіндік беретін жүйелік әдіс басшылыққа алынды. Аймақтағы халықаралық саяси процесті саяси оқиғалар тізбегі ретінде тұтастай алғанда олардың әрқайсысының артында нақты субъектілердің мүдделері мен көзқарастарын талдауда ивент-анализ қолданылды. Қол қойған заңдық маңызы және заңды күші бар актілерді идеологиялық және құндылық негіздері тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік беретін салыстырмалы әдіс басшылыққа алынды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқада қорытындылар):

1. Аймақтық және субөңірлік интеграциялық процестердің трансформациясы халықаралық қатынастардың жаңа көпқырлы құрылымын талап етеді. Бұл тұжырымдама қазіргі жаһандық геосаяси өзгерістер жағдайында интеграция теорияларын қайта қараудың қажеттілігін негіздейді. Түркітілдес мемлекеттер ұйымы (ТМҰ) сынды құрылымдарда аймақтық қатынастардың институционалдық, саяси және мәдени өлшемдері өзара тығыз байланыста дамып келеді. Осы тұрғыдан, аймақтық интеграцияны тек экономикалық мүдде шеңберінде емес, тарихи-мәдени және өркениеттік негізде де қарастырудың өзектілігі дәлелденеді;

2. Түркия мен Қазақстанның сыртқы саясатындағы «идеологиялық-құндылық көзқарас» қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа парадигма ретінде қалыптасуда. Бұл тұжырымдамаға сәйкес, екі елдің сыртқы саяси стратегиясы тек геосаяси мүддеге емес, ортақ тарихи-мәдени құндылықтарға да

сүйенеді. Жұмсақ күш, ұлттық бренд сияқты идеологиялық тетіктер арқылы ТМҰ аясында түркілік бірегейлікті нығайтуға бағытталған сыртқы саясат моделі қалыптасуда. Бұл модель – халықаралық қатынастардағы прагматизм мен өркениеттік ынтымақтастықтың тоғысқан нүктесі;

3. Түркі факторын халықаралық саяси процестің ішкі қозғаушы күші ретінде қарастыру трансұлттық ынтымақтастықтың жаңа формаларын негіздеуге мүмкіндік береді. Осы тұжырымдама ТМҰ шеңберінде түркі мемлекеттері арасындағы интеграциялық процестердің тек мемлекетаралық келісімдер деңгейінде емес, ортақ тарихи жады мен мәдени мұра негізінде тереңдей түсу мүмкіндігін көрсетеді. Бұл жағдайда түркі факторы геомәдени контексті ескеретін жаңа аймақтық бірлестіктер мен дипломатиялық форматтар құрудың әлеуетті негізіне айналады;

4. Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Қазақстан мен Түркия арасындағы ынтымақтастық қазіргі кезеңде функционалдық және мәдени-идеялық тетіктердің үйлесімі ретінде сипатталуда. Бұл өзара байланыс екі елдің геосаяси мүдделерін ұштастыра отырып, аймақтағы стратегиялық серіктестік пен дипломатиялық өзара іс-қимылды жаңа сапалық деңгейге көтеріп отыр. ТМҰ шеңберінде жүзеге асып жатқан бастамалар Түркияның Орталық Азия кеңістігіндегі рөлін айқындай түсіп, тарихи-мәдени жақындықты қазіргі заманғы саяси және экономикалық тетіктермен үйлестіру арқылы өзіндік сыртқы саяси стилін қалыптастыруда. Қазақстан бұл үдерісте негізгі серіктес ретінде танылып, түркі ынтымақтастығының институционалдық дамуына белсенді үлес қосуда;

5. Түркілік бірегейлік пен жұмсақ күш стратегиясының тоғысуы Орталық Азия мемлекеттерінің мәдени-саяси құрылымын трансформациялауда маңызды рөл атқарады. Бұл тұжырымдамада Түркия мен Қазақстанның мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылып жатқан жұмсақ күш саясатының Орталық Азиядағы түркілік бірегейлікті күшейтудегі ықпалы қарастырылады. Түркі академиясы, түркі университеттері, ортақ БАҚ платформалары – бұл процестің басты тетіктері ретінде әрекет етуде;

6. Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық серіктестік қазіргі көпполярлы әлемдегі бейімделмелі және баламалы дипломатия үлгісін қалыптастырады. Бұл тұжырымдама екі елдің геосаяси орналасуы мен сыртқы саяси бағыттарының қиылысуы негізінде олардың өзара іс-қимылын жаһандық, аймақтық және субөңірлік деңгейлерде ұтымды үйлестіре алатынын дәлелдейді. Энергетика, көлік, қауіпсіздік және мәдениет салаларындағы ынтымақтастық форматы көпвекторлы сыртқы саясаттың шынайы көрінісі ретінде ұсынылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

1. Аймақтық интеграциялық процестерді зерттеудің авторлық әдіснамасы ұсынылды. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық құрылымдары мен субаймақтық интеграциялық үдерістерді талдауда әлеуметтік, институционалдық және модельдік тәсілдерді тоғыстыратын жаңа авторлық әдіснама әзірленіп, бұл әдіс қазіргі халықаралық қатынастар теориясының парадигмалық кеңістігін кеңейтуге үлес қосты;

2. «Идеологиялық-құндылық көзқарас» тұжырымдамасы Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы саясатты талдауда құндылықтық дипломатия мен идеологиялық бағдарларды айқындайтын жаңа аналитикалық құрал ретінде нақтыланып, осы тұрғыдан екі елдің сыртқы саясатына кешенді салыстырмалы талдау жасалды;

3. Түркияның «жұмсақ күш» саясатының трансформациясы айқындалды. Түркияның посткеңестік кеңістіктегі сыртқы саяси доктриналарының мазмұны саяси құралдар жиынтығы ретінде талданып, олардың түркі интеграциясына әсер ету тетіктері мен саяси ықпалы ғылыми тұрғыдан жүйеленді;

4. ТМҰ аясындағы қазақ-түрік серіктестігінің даму кезеңдері сараланды. Қазақстан мен Түркия арасындағы дипломатиялық, экономикалық, мәдени қатынастардың эволюциясы кезең-кезеңімен жіктеліп, ТМҰ шеңберіндегі стратегиялық серіктестіктің институционалдық негіздері мен идеологиялық мазмұны нақты ғылыми өлшемдермен сипатталды;

5. Түркілік бірегейліктің қалыптасуына ықпал ететін факторлар айқындалды. ТМҰ мүше елдердің ұлттық мүдделері мен тарихи-мәдени құндылықтары негізінде ортақ түркілік бірегейліктің құрылу процесі зерттеліп, бұл үрдіске «жұмсақ күш», білім беру, мәдениет, туризм және ақпараттық саясат құралдары арқылы әсер етудің деңгейі бағаланды;

6. Геосаяси өзгерістер аясында Түркия мен Қазақстанның стратегиялық серіктестігінің мазмұны жаңаша пайымдалды. Аймақтық өзгерістер жағдайында стратегиялық серіктестіктің өзектілігі мен әлеуеті қайта бағамдалды. Жаһандық күш орталықтарының өзгеруіне байланысты Түркия мен Қазақстан арасындағы энергетикалық, сауда-экономикалық және көлік-коммуникациялық әріптестіктің жаңа форматтары сарапталып, олардың Орталық Азия аймағындағы ықпалы мен тұрақтылыққа қосатын үлесі ғылыми негізде тұжырымдалды.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі:

1. Аймақтық интеграциялық процестерді зерттеудің авторлық әдіснамасы ұсынылды

Маңыздылығы:

Қазіргі халықаралық қатынастарда интеграциялық үдерістерді тек бір әдіс аясында түсіндіру шектеулі. Әлеуметтік, институционалдық және модельдік тәсілдерді үйлестіре отырып жасалған авторлық әдіснама күрделі геосаяси кеңістікті жан-жақты сараптауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл ТМҰ аясындағы қатынастарды жүйелі талдаудың жаңа жолдарын ашады.

Ғылыми жаңалығы:

Бұрынғы еңбектерде негізінен институционалдық немесе тарихи шолулар басым болса, бұл диссертацияда әдіснамалық синтез арқылы интеграцияны көпдеңгейлі талдау жүзеге асырылды. Жаңа үлгілік әдіс – ғылымға қосылған теориялық жаңалық.

2. «Идеологиялық-құндылық көзқарас» тұжырымдамасы тұрғысынан талданды

Маңыздылығы:

Бүгінгі көпполярлы әлемде сыртқы саясат тек геосаяси мүдделермен емес, идеологиялық және құндылықтық негіздермен де айқындалады. Түркия мен Қазақстан арасындағы стратегиялық серіктестікті құндылықтар жүйесі арқылы түсіндіру заманауи халықаралық қатынастар дискурсына сәйкес келеді.

Ғылыми жаңалығы:

«Идеологиялық-құндылық көзқарас» тұжырымдамасы алғаш рет ғылыми түрде негізделіп, мемлекетаралық қатынастарды талдаудың баламалы әдісі ретінде ұсынылды. Бұған дейін мұндай тұжырымдама түркі мемлекеттері арасындағы байланыс контексінде арнайы зерттелмеген.

3. Түркияның «жұмсақ күш» саясатының трансформациясы айқындалды

Маңыздылығы:

Түркияның аймақтық және жаһандық рөлінің артуы оның тарихи-мәдени мұраға сүйенген стратегиялық тұжырымдарын зерттеуді қажет етеді. Бұл саяси доктриналар тек Түркияны ғана емес, Орталық Азия елдерінің ішкі және сыртқы саяси бағытын да қалыптастыруда маңызды рөл атқаруда.

Ғылыми жаңалығы:

Түркияның «жұмсақ күш» саясаты алғаш рет Орталық Азиядағы нақты тәжірибе негізінде кешенді сараптаудан өтті. Бұл үдерістердің түркі интеграциясына әсер етуі алғаш рет жүйелі түрде сипатталып, олардың трансформациялық сипаты ашылды.

4. ТМҰ аясындағы қазақ-түрік серіктестігінің даму кезеңдері сараланды

Маңыздылығы:

Қазақстан мен Түркия қатынастарының тарихи-дипломатиялық даму логикасын кезеңдерге бөлу интеграциялық процестердің ішкі динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл серіктестік ТМҰ-ның институционалдық құрылымын жетілдіруде де үлгі бола алады.

Ғылыми жаңалығы:

ТМҰ аясында қазақ-түрік ынтымақтастығы алғаш рет жүйелі тарихи-кезеңдемелік тұрғыдан сипатталды. Бұрын тек екіжақты байланыс шеңберінде қарастырылған бұл серіктестік енді ұйымішілік құрылымдық дамумен байланыстырылып қаралды.

5. Түркілік бірегейліктің қалыптасуына ықпал ететін факторлар айқындалды

Маңыздылығы:

Ортақ түркілік сана мен бірегейлік тек мәдениетпен ғана емес, сыртқы саясат құралдары арқылы да қалыптасатыны дәлелденіп отыр. Бұл – түркі интеграциясының тұрақты идеологиялық негізін түсінудің алғышарты.

Ғылыми жаңалығы:

Бірегейлік қалыптастырушы факторлар (білім беру, мәдениет, БАҚ, туризм) алғаш рет ТМҰ шеңберінде интеграция құралдары ретінде жүйеленіп, олардың рөлі нақты өлшемдермен бағаланды. Бұған дейін олар көбінесе бөлек-бөлек зерттеліп келген.

6. Геосаяси өзгерістер аясында Түркия мен Қазақстанның стратегиялық серіктестігіне жаңа баға берілді

Маңыздылығы:

Жаһандық геосаяси теңгерімнің өзгеруі Түркия мен Қазақстан арасындағы әріптестікті қайта бағалауды қажет етеді. Энергетика, логистика, сауда сияқты секторлар тек экономикалық емес, сонымен қатар саяси тұрақтылықтың факторы ретінде де қарастырылуы тиіс.

Ғылыми жаңалығы:

Екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің жаңа форматтары алғаш рет геосаяси трендтер мен аймақтық қауіпсіздік контекстінде қарастырылып, Орталық Азия кеңістігіндегі ықпалы мен үлесі нақты көрсеткіштер арқылы негізделді.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Зерттеу тақырыбы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілген ғылымды дамытудың басым бағыттарына тікелей сәйкес келеді.

Докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау (диссертация авторының үлесі жалпы мәтіннен пайызбен көрсетіледі)

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша диссертант жалпы саны 12 ғылыми жарияланым дайындап, баспа бетінде жарыққа шығарған, оның ішінде:

1 мақала Scopus мәліметтер базасына енгізілген басылымда (71% процентильді);

5 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғарғы білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізіміндегі журналдарда жарияланған.

1 мақала Қазақстанның ғылыми журналдарында жарияланған;

5 мақала Қазақстан Республикасындағы ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында жарияланған;

Жалпы алғанда, барлық жарияланымдар мен оқу құралдары диссертациялық жұмыстың негізгі идеялары мен нәтижелерін қамтып, докторанттың дербес ғылыми-зерттеу қызметінің жемісі болып табылады. Әрбір еңбекке қосқан үлесі 60%-дан 100%-ға дейінгі аралықта бағаланады. Жекелеген жұмыстарда диссертант дербес автор ретінде танылып отыр.

Осылайша, ғылыми жаңалықтарды қалыптастыру, теориялық тұжырымдарды негіздеу, әдістемелік модельдерді жасау және оларды практикалық түрде қолдану толығымен докторанттың жеке үлесіне тиесілі.

Жұмыс құрылымы мен көлемі. таңдалған тақырыпты зерттеудің жалпы логикасына бағынады және алға қойылған міндеттерді дәйекті шешуге бағытталған.

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімінен, қосымшалардан, 231 беттен тұрады.